

Шәріп Дініслам Ерланұлы

Инновациялық Еуразия университетінің 2 курс магистранты, Қазақстан

Қылмыстық заң және қылмыстың арнаулы субъектісі

Қылмыстық заң Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Республика Парламенті қабылдаған құқылық акті болып табылады.

Қылмыстық заңның міндеттері – бейбітшілікті және адамзаттың қауіпсіздігін, адам мен азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, меншікті аумақтық тұтастықты, конституциялық құрылысты, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, табиғи ортаны қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау және қылмыстың алдын алу болып табылады.

Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін қылмыстық заңдар қылмыстық жауаптылықтың негіздерін белгілейді. Жеке адамға, мемлекетке немесе қоғамға қауіпті іс-әрекеттердің қандай қылмыс болып табылатынын айқындайды. Қылмыс істеген адамдарға қолданылуы мүмкін және өзге де ықпал ету шараларын белгілейді.

Қылмыстық заң жазалау қатерімен тыйым салу арқылы адамның жеке басына, қоғамға, мемлекетке кінәлі түрде зиян келтіретін немесе зиян келтіру қаупін тудыратын қылмысты әрекеттерді істеуге тиым салады. Қылмыстық заң сонымен қатар тиісті органдарға қылмыс белгісі бар кінәлі адамды қылмыстық жауапқа тарту немесе көрсетілген негізге сүйеніп, оларды қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босатуды міндеттейді.

Сонымен қылмыстық құқықтық норма бір мезгілде тиым салушы және міндеттеуші нормалар болып табылады. Бұл нормалардың тағы да сақтандырушылық және тәрбиелік мәні бар.

Қылмыстық заң – қылмыстық құқықтың ең негізгі көзі. Сот үкімі, ұйғаруы немесе қаулысы құқықтың көзі болып табылмайды. Олардың нақты қылмыстық істер бойынша ғана заңдылық күші бар.

Сондай-ақ Республика Жоғарғы соты Пленумының басшы қаулылары да құқық нормасы болып табылады. Мұндай қаулылар белгілі бір қылмыстық-

құқылық норманың түпкі мәнін ашып көрсетеді, оларды түсіндіреді. Сондықтан да ондай қаулылардың Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші болады. Сот прецеденті біздің Республикамызда құқық нормасы болып саналмайды. Ол Ұлыбритания Канада сияқты мемлекеттерде ғана құқық нормасы болып саналады.

ҚР Қылмыстық кодексінің 52-бабында сот айыпты деп танылған адамға жазаны Қылмыстық кодекстің Жалпы бөлімінің ережелеріне сәйкес істелген қылмысы үшін жауаптылықта қаралған Ерекше бөлімнің тиісті баптарында көрсетілген шектен шықпай тағайындайды деп белгіленген.

Ол сотқа тек қана қылмыстық құқықтық норманың мазмұнын дұрыс түсінуге жөн сілтейді. Қылмыстық заң, басқа заңдар сияқты барлық лауазым адамдары, азаматтар, заңды тұлғалар үшін міндетті күші бар заң нормасы болып табылады. Ол қандай да бір болмасын сипаттаумен бұзуға немесе орындалауға жол берілмейді. Қылмыстық заң қылмыстық құқықтық норманы білдірудің нысаны, ал оның нормасы оның мазмұнының көрінісі болып табылады.

Қылмыстың арнаулы субъектісі қылмыстық іс-әрекетті анықтауға байланысты маңызы арта түседі. Ең алдымен қылмыстық-құқықтық қорғаудың объектісі кездейсоқ немесе адамның мінез-құлқына қарсы механикалық салдар ретінде қарастырылмауы қажет. Ол белгілі бір объективті заңдылықтарға бағындырылған.

Қылмыстың арнаулы субъектісінің белгілерін қоғамға қауіптілік сипатына қарай екі топқа бөлуге болады.

Бірінші арнайы субъекті арқылы, яғни қылмыстың табиғатын сипаттау арқылы қылмыстылықтың қоғамға қауіптілігін сипаттайды. Екінші осы іс-әрекетті жасаған қылмыскердің өзінің тұлғасының белгілерін көрсету жолымен қылмыстың қоғамға қауіптілігін сипаттайды.

Бірінші белгілердің түрлерін қарастырсақ. Жоғарыда айтылғандай заңшығарушы жауаптылықты белгілей отыра (қылмыстық) сол немесе басқа да іс-әрекетті жасағандығы үшін арнаулы субъектіні көрсетеді. Бір жағдайларда норманың диспозициясы көрсетіледі, екінші жағдайларда бірқатар сандағы

құрамдар үшін арнаулы субъектінің ұғымы көрсетіледі, үшіншілерінде – субъектінің арнаулы сипатын талқылау жолымен немесе нақты құрамды талқылау арқылы жүргізіледі. Осыған сай арнаулы субъектілері бар барлық құрамдарды бірнеше топтарға бөлуге болады. Бірақ та арнаулы субъектінің ролін анықтау үшін көрсетілген белгілерді нақты сипаттаған жөн. Осы жерде мынаны ескерген жөн, заңшығарушы жоғарыда келтірген белгілерді нақты көрсете отырып бекерден бекер қылмыскердің тұлғасына қылмыстық жауапкершілікті белгілемейді. П.С. Дагельдің айтуынша біріншіден шынайы жағдайда қылмыстық жауаптылықты анықтайтын мүмкіндігімен байланысты тұлғалармен жасалады. Мысалы, әскери қылмыстар тек әскери қызметкерлермен жасалады.

Екіншіден, арнайы субъектінің белгілерін иеленген тұлғалармен жасалынатындықтан қылмыстық жауаптылық қажеттілігі туындайды деді.

Мемлекеттік қызметтік мекемелерде, ұйымдарда немесе кәсіпорындарда қылмыстық-құқықтық қорғау мәселесі айқындау үшін қоғамдық, мемлекеттік немесе жеке мүдделеріне ықпал етеді. Бірақ та субъектінің болуы, аталған шығынның келтірілуі лаузымды тұлғаның белгісін иеленеді. Мысалы, параны лаузымды адам болып табылмайтындар да алуы мүмкін. Бірақ та өзіне тән ерекшеліктер пара лаузымды адаммен жасалса, яғни бұл жағдайда ол мемлекеттік аппараттың қалыпты қызметін бұзады.

Сонымен, заңшығарушы объектіні қылмыстық-құқықтық қорғау объектісіне алған кезде осы нақты қоғамдық қатынастардың ерекшелігін ғана емес, белгілі бір (арнаулы) субъектінің белгілерін де қарастырады. Сондықтан осындай жағдайларды арнаулы субъектімен, объектінің арасында ажырамас байланыс қарастырылады. Осылардың біреуінің болмауы қылмыстылық туралы мәселені қою мүмкіндігін жоққа шығарады, басқаша айтқанда сол немесе басқа объектіні қорғайды.

Қолданылған әдебиеттер:

1. П.С. Дагель. Учение о личности преступника в советском уголовном праве. – Владивосток, 1970. – 192 с.
2. Р.Рымбаев. Специальный субъект преступления. Изд. “Наука” КазССР. –А-А., 1977. – 185 с.